

«Baqytty bala» балабақшасы

**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ЖАЛПЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАЛАРЫ**

2025-2026 оқу жылы

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас жиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 10 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар саны: 86 ата-ана

Қатыспағандар саны: 40

Жиналыстың төрайымы: Жеңіс А.Ж.

Жиналыстың хатшысы: Картпаева Ш.Т.

ТАҚЫРЫБЫ: *Бала – біздің ортақ қуанышымыз.*

МАҚСАТЫ: Балабақша мен отбасы арасындағы үшжақты серіктестікті, ынтымақтастықты нығайту; ата-аналардың педагогикалық-психологиялық мәдениетін арттыру; жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбие-оқыту міндеттерімен таныстыру және бірлескен жұмыс жоспарын бекіту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы өзара байланыс және ынтымақтастық жолдарын талқылау.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспарымен, жылдық міндеттермен таныстыру.
3. Жаңа оқу жылына топтың ата-аналар комитетінің құрамын сайлау және міндеттерін бөлу.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Сақан Назира** *«Бала – біздің ортақ қуанышымыз»* тақырыбында дайындаған негізгі баяндамасын оқыды. Өз сөзінде тәрбиеші баланың тұлға болып қалыптасуында, оның әлеуметтік және эмоционалдық дамуында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның мақсаттары бір арнаға тоғысуы тиіс екенін атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, мектеп жасына дейінгі кезең – баланың физикалық, интеллектуалдық және психологиялық негізі қаланатын ең маңызды шақ. Біздің мақсатымыз – тек балабақша қабырғасында білім беру емес, отбасындағы тәрбиемен сабақтастықты сақтау. Егер балабақша бір талап қойып, үй ішінде ол ереже сақталмаса, баланың мінез-құлқында өзгеріс пайда болады. Сондықтан, балабақша мен ата-ана арасындағы ашық, сенімді байланысты дамытуымыз қажет. Сіздердің балаңыздың күнделікті өміріне, оның кішігірім жетістіктеріне белсенді назар аударғандарыңыз маңызды», – деді баяндамашы.

Талқылау:

- Ата-ана **Ешманова Мөлдір** сөз алды: «Баланың балабақшадағы ережелерді үйде де бұлжытпай орындауы үшін біз, ата-аналар, қандай нақты әдістерді қолданғанымыз дұрыс? Көп жағдайда бала үйде еркелеп, айтқанды тыңдамай жатады».



Топ тәрбиешісі **Сақан Назира** жауап берді: «Бұл өте орынды сұрақ. Ең басты әдіс – бірізділік пен талаптың бірлігі. Мысалы, балабақшада бала ойыншықтарын өзі жинайды, тамақтан соң рақмет айтады. Үйде де осы әрекеттерді өз бетінше жасауына мүмкіндік беріп, шектен тыс қамқорлықтан арылу керек. Балаға бұйрық беру емес, онымен тең дәрежелі серіктес ретінде сөйлесу нәтиже береді».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Сақан Назира** ата-аналарды 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралардың перспективалық жоспарымен егжей-тегжейлі таныстырды.

Жоспарға сәйкес жыл бойы өткізілетін мынадай негізгі бағыттарды атап өтті:

- **Қазан айында:** Күзгі жәрмеңке жалпы балабақшаішілік шарасы.
- **Қараша айында:** Ата-аналардың пікірін анықтау мақсатында «Менің балам балабақшада» атты арнайы сауалнама жүргізу.
- **Желтоқсан айында:** Қысқы достарға қамқорлық акциясы.
- **Ақпан айында:** Шебер қол – шексіз өнер бірлескен қолөнер көрмесі.
- **Наурыз және Сәуір айларында:** Жүректен шыққан алғыс челленджі мен Шын жүректен кітап сыйла апталықтары.

Талқылау:

- Ата-ана **Түлебаева Аягөз** сөз алды: «Жоспарда көрсетілген қараша айындағы сауалнама қалай жүргізіледі? Оның мақсаты не?»
- Топ тәрбиешісі **Сақан Назира** жауап берді: «Сауалнама анонимді түрде онлайн форматта алынады. Мақсаты – сіздердің балабақшаға деген ұсыныстарыңызды, баланың бейімделу деңгейін анықтау және біздің жұмысымызды жақсарту. Жиналыс соңында күтілетін нәтижеміз – отбасында жылы, сенімді қарым-қатынас орнату».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе

бойынша:

Жиналыс төрайымы жаңа оқу жылында топ ішіндегі ұйымдастыру жұмыстарына, мерекелік шаралар мен акцияларға бағыт-бағдар беріп отыратын Ата-аналар комитетін сайлау қажеттігін алға тартты. Ата-аналар арасында ашық дауыс беру ұйымдастырылды.

Дауыс беру нәтижесі: *«Қолдағандар»* – 86 дауыс, *«Қарсы болғандар»* – 0, *«Қалыс қалғандар»* – 0.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

1. Балабақша мен отбасы арасындағы үшжақты байланысты нығайту мақсатында тәрбиешілер мен ата-аналар арасында тұрақты әрі жүйелі кері байланыс қамтамасыз етілсін.

2. 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзары қарым-қатынас іс-шаралар жоспары бірауыздан бекітілсін. Жоспардағы шараларға ата-аналардың толық қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Топтың 2025-2026 оқу жылындағы Ата-аналар комитетінің құрамы мынадай құрамда бекітілсін:
 - **Комитет төрайымы: Садикова Д.М.**
 - **Хатшысы: Мунбаева Т.А.**
 - **Мүшелері: Жанабай А.Е., Жумагул Г.Қ.**

Кеңес төрайымы  **А.Б.Өмірғалиева**

Хатшысы  **Қартпаева Ш.Т.**



Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас жиналысының

ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 15 қазан 2025 жыл

Қатысқандар саны: 100 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: Күзгі жәрмеңке жалпы балабақшаішілік жәрмеңкесін ұйымдастыру және өткізу.

МАҚСАТЫ: Балаларды еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, табиғат байлығын танып-білу арқылы еңбектің қадірін түсінуге тәрбиелеу; күзгі өнімдер мен табиғи материалдардан бұйымдар дайындау барысында ұжымдық және ата-анамен бірлескен жұмысты нығайту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. Күзгі жәрмеңке мерекелік шарасының ережесімен және мақсатымен таныстыру.
2. Жәрмеңке барысында топ ата-аналарының міндеттерін бөлу, ұйымдастыру жұмыстарын талқылау.
3. Балалардың қауіпсіздік ережелері мен санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауы.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Таубай Даметкен** сөз алып, қазан айының жоспарына сәйкес дәстүрлі «*Күзгі жәрмеңке*» шарасының маңызына тоқталды. Тәрбиеші бұл шараның жай ғана сауда-саттық емес, баланың танымдық және әлеуметтік дамуына үлкен үлес қосатын тәрбиелік мәні бар іс-шара екенін түсіндірді.

«Құрметті ата-аналар, Күзгі жәрмеңкенің басты мақсаты – балалардың бойында еңбекқорлық, үнемшілдік және қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік құндылықтарын қалыптастыру. Балалар күзгі өнімдердің, жеміс-жидектер мен көкөністердің адам өміріндегі маңызын біліп, ата-аналарымен бірге қолөнер бұйымдарын жасау арқылы үлкен эстетикалық ләззат алады. Бұл шара балабақша мен отбасының ынтымақтастығын көрсетеді», – деді тәрбиеші.

Талқылау:

- Ата-ана **Арайлым Кенжебайқызы** сөз алды: «Жәрмеңкеге тек пісірілген тағамдар әкелеміз бе, әлде балалармен бірге жасалған табиғи материалдардан қолөнер бұйымдарын да қосуға бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Таубай Даметкен** жауап берді: «Әрине, екі бағытты да қамтыған дұрыс. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдар көрменің сәнін келтіреді және баланың шығармашылық қиялын дамытуға тікелей әсер етеді. Сондықтан қолөнер бұйымдарына да баса назар аударғанымыз жөн».



II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе

бойынша:

Ата-аналар комитетінің төрайымы **Хамитова Таңшолпан** сөз алып, топ атынан дайындалатын үстелдің безендірілуі мен өнімдердің тізімін жасау бойынша ұйымдастыру мәселелерін ортаға салды.

«Біздің топтың үстелі ерекше әрі ұлттық нақышта безендірілуі керек. Бір топ ата-аналар үстелді безендіруге және күзгі декорациялар әкелуге жауапты болса, екінші топ өнімдердің эстетикалық түрде қапталуын және сатылуын қадағалайды. Ортадан түскен қаражатты топтың қажеттілігіне және балаларға сыйлықтар алуға жұмсаймыз», – деп өз ұсынысын білдірді.

Талқылау:

- Ата-ана **Бектурсинова Ақсауле** сөз алды: «Жәрмеңке қай уақытта басталады және біз дайындық жұмыстарын қашан аяқтауымыз керек?»
- Ата-аналар комитетінің төрайымы жауап берді: «Жәрмеңке түстен кейін сағат 16:00-де балабақша ауласында басталады. Біз сағат 15:00-ге дейін өз үстелімізді толық дайындап үлгеруіміз қажет».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:

Балабақша медбикесі **Картпаева Ш.Т.** сөз алып, жәрмеңкеге әкелінетін тағамдардың қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сай болуы керек екенін

ескертті. Көпшілік іс-шара барысында балалардың қауіпсіздігін бірлесе бақылау қажеттігін айтты. Тез бұзылатын кремді өнімдерді әкелуге тыйым салынатынын қатаң ескертті.



ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

1. Жалпы балабақшаішілік *«Күзгі жәрмеңке»* шарасына топ ата-аналарының белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін. Үйде баламен бірге табиғи материалдардан кемінде бір қолөнер бұйымы дайындалсын.
2. Ата-аналар комитеті ұсынған ұйымдастыру жоспары мақұлдансын. Жәрмеңкеден түскен қаражат топ балаларының даму ортасын жақсартуға бағытталсын.
3. Жәрмеңкеге әкелінетін өнімдердің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі мен қауіпсіздігіне ата-аналар жеке жауапты ретінде бекітілсін. Іс-шара кезінде балалардың қауіпсіздігін тәрбиешілер мен ата-аналар бірлесе қадағаласын.

Кеңес төрайымы:

А.Б.Өмірғалиева

Хатшысы:

Қартпаева Ш.Т.



Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: 18 қараша 2025 жыл

Қатысқандар саны: 89 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Менің балам балабақшада»* атты ата-аналар арасындағы сауалнама қорытындысы.

МАҚСАТЫ: Ата-аналардан алынған психологиялық-педагогикалық сауалнама нәтижелерін талқылау; балалардың балабақшаға бейімделу деңгейін анықтау; ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлерін ескере отырып, тәрбие-оқыту жұмысының сапасын арттыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Менің балам балабақшада»* сауалнамасының мақсаты мен жалпы қорытынды нәтижелері.
2. Балалардың эмоционалдық жағдайы және балабақша өміріне бейімделуі.
3. Сауалнама барысында ата-аналар тарапынан түскен ұсыныстар мен сұрақтарды қарастыру.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Кадирова Нургул** сөз алып, қараша айының басында жүргізілген

«Менің балам балабақшада» атты анонимді сауалнаманың нәтижелерімен таныстырды. Сауалнамаға 89 ата-ана қатысқанын және оның негізгі мақсаты балабақша мен отбасы арасындағы сенімділікті нығайту екенін айтты.

«Құрметті ата-аналар, жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 90%-ы балабақшадағы тәрбие-оқыту үдерісіне, тамақтану сапасына және тәрбиешілердің балалармен қарым-қатынасына толық қанағаттанатынын білдірген. Бұл біз үшін үлкен мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, біз таңдаған тәрбиелік бағыт отбасы құндылықтарымен үндесіп жатыр», – деді тәрбиеші.

Талқылау:

- Ата-ана **Мухатова Дана** сөз алды: «Бұл сауалнама нәтижелері алдағы уақытта топ ішіндегі жұмыстарды өзгертуге әсер ете ме және мұндай сауалнамалар тағы қайталана ма?»
- Топ тәрбиешісі **Кадирова Нургул** жауап берді: «Әрине, әрбір ата-ананың пікірі біз үшін маңызды. Сауалнамада көрсетілген кейбір кішігірім ескертулер бойынша жұмыс істейтін боламыз. Ал мұндай диагностикалық жұмыстар оқу жылының соңында баланың даму деңгейін қайта тексеру үшін тағы бір рет жүргізіледі».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе

бойынша:

Топ тәрбиешісі **Кадирова Нургул** балалардың балабақшадағы күн тәртібіне үйренуі мен эмоционалдық жай-күйі туралы баяндады. Сауалнамадағы «Балаңыз балабақшаға қандай көңіл-күймен келеді?» деген сұраққа ата-аналардың басым бөлігі баланың қуанышпен, қызығушылықпен келетінін жазғанын атап өтті.

«Баланың таңертең жыламай келуі – оның балабақша ұжымына, достарына және қоршаған ортаға толық бейімделгенінің басты белгісі. Дегенмен, кейбір балаларда демалыс күндерінен кейін (дүйсенбі күні) аздаған қиындықтар байқалады. Мұның себебі үйде күн тәртібінің бұзылуынан болады. Сондықтан сенбі, жексенбі күндері де баланы балабақша уақытымен ұйықтатып, уақытымен тамақтандыруды сұраймыз», – деп ескертті.



Талқылау:

- Ата-ана **Жорашқызы Арайлым** сөз алды: «Менің балам үйде балабақшадағы тамақтарды мақтап, үйде де сондай тамақ пісіруді сұрайды. Балабақша мәзірін қайдан көруге болады?»
- Топ тәрбиешісі **Кадирова Нургул** жауап берді: «Балабақшаның ас мәзірі күнделікті қабылдау бөлмесіндегі ақпараттық тақтаға ілінеді және ата-аналар чатына жіберіліп отырады. Балалардың тамаққа тәбетінің жақсы болуы – олардың физикалық дамуына оң әсер етеді».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:

Жиналыс төрайымы сауалнаманың ашық сұрақтары бөлімінде ата-аналар тарапынан жазылған ұсыныстарды оқып берді. Ата-аналардың көбі балалардың шығармашылық және спорттық үйірмелерге қатысу мүмкіндігін арттыруды және серуен уақытындағы ойындарды көбейтуді ұсынған. Бұл ұсыныстар балабақша әкімшілігіне жеткізілетіні айтылды.

ШЕШІМІ:

1. «Менің балам балабақшада» атты ата-аналар арасындағы сауалнама қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын және зерттеу нәтижелері есепке алынсын.
2. Балалардың эмоционалдық тұрақтылығы мен бейімделуін нығайту мақсатында ата-аналарға үйде де балабақшаның күн тәртібі мен ережелерін (ұйықтау, тамақтану уақыты) қатаң сақтау ұсынылсын.
3. Сауалнама барысында ата-аналар тарапынан түскен шығармашылық үйірмелерді дамыту туралы ұсыныстар ескеріліп, балабақша әкімшілігі мен әдіскердің қарауына жолдансын.

Кеңес төрайымы:  А.Б.Өмірғалиева

Хатшысы:  Қартпаева Ш.Т.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 11 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар саны: 72 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Қысқы достарға қамқорлық»* атты құстарға жемсалғыш жасау акциясын ұйымдастыру.

МАҚСАТЫ: Балалардың бойында тірі табиғатқа, жан-жануарлар мен құстарға деген жанашырлық, қамқорлық және мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру; ата-аналармен бірлесе отырып құстарға жемсалғыштар жасау арқылы отбасылық шығармашылықты қолдау.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:


1. *«Қысқы достарға қамқорлық»* экологиялық акциясының мақсаты мен өткізілу тәртібі.
2. Ата-аналар мен балалардың бірлесіп табиғи және қолжетімді материалдардан жемсалғыштар дайындауы.
3. Балабақша ауласында құстарды тұрақты қоректендіру жұмыстарын ұйымдастыру.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** сөз алып, желтоқсан айының жоспарына сәйкес ұйымдастырылып отырған *«Қысқы достарға қамқорлық»* акциясының маңызына тоқталды. Қыс мезгілінде күннің суытуына байланысты құстардың жем табуы қиындайтынын, сондықтан балаларға кішкентай кезінен бастап қоршаған ортаға көмектесу дағдыларын сіңіру керектігін айтты.

«Құрметті ата-аналар, бұл акцияның балалар үшін тәрбиелік мәні өте зор. Бала өз қолымен құстарға көмектесу арқылы мейірімділікке, жанашырлыққа үйренеді. Біз тек қағаз жүзінде емес, баламен бірге шынайы өмірде табиғатты қорғауды көрсетуіміз керек. Сондықтан бұл шараға әрбір отбасы белсенді қатысады деп сенемін», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Жумагулова Жанна** сөз алды: «Жемсалғыштарды тек ағаштан жасау керек пе, әлде пластмасса бөтелкелер мен қораптарды пайдалануға бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** жауап берді: «Кез келген қолжетімді материалды пайдалануға болады. Бастысы – оның құстар үшін қауіпсіз болуы және ішіне жем салғанда ыңғайлы, жауын-шашыннан қорғалған болуы шарт. Пластик бөтелкелерді, сүт қораптарын әдемілеп безендіріп жасауға да рұқсат етіледі».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетінің төрайымы **Хамитова Таңшолпан** сөз алып, жемсалғыштарды үйде балалармен бірге жасау процесін қызықты өткізу туралы ұсыныстарын білдірді. Ол ата-аналарды бұл жұмысқа шығармашылықпен қарауға шақырды.

«Баламен бірге жемсалғыш жасау – отбасылық бірлікті нығайтады. Дайын болған бұйымдарды балабақшаға әкеліп, көрме ұйымдастырамыз. Ең ерекше, экологиялық таза әрі сапалы жасалған жемсалғыш иелеріне топ атынан кішігірім алғыс хаттар мен сыйлықтар берсек дұрыс болар еді», – деп өз ұсынысын жеткізді. Ата-аналар бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Талқылау:

- Ата-ана **Уразғалиева Алтынай** сөз алды: «Дайын болған жемсалғыштарды балабақшаға қай күнге дейін өткізуіміз керек?»
- Ата-аналар комитетінің төрайымы **Хамитова Таңшолпан** жауап берді: «Жемсалғыштарды келесі аптаның сейсенбі күніне дейін топқа әкеліп тапсыру қажет. Себебі біз оларды түгел жинап, алдымен көрмеге қоямыз».

ІІІ. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Атабавева Амангүл** жемсалғыштарды балабақша ауласындағы ағаштарға ілу және құстарды қоректендіру тәртібі туралы айтты. Серуен уақытында балалар күнделікті құстарға жем (тары, бидай, нан қиқымдары) салып, оларды бақылайтынын ескертті. Ата-аналардан балалардың қалтасына кішкене ыдыспен құстарға арналған жем салып жіберіп тұруын өтінді.

ШЕШІМІ:

1. **«Қысқы достарға қамқорлық»** атты экологиялық акциясы мақұлданын және топ ата-аналарының 100% қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Әрбір отбасы үйде баламен бірлесіп, қауіпсіз әрі қолайлы материалдардан құстарға арналған жемсалғыш дайындап, белгіленген мерзімде балабақшаға әкелсін.
3. Құстарды қоректендіру жұмысын тұрақты жүргізу мақсатында ата-аналар тарапынан балаларға күнделікті серуенге арналған құс жемдері (тары, бидай) ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы **А.Б.Өмірғалиева**
Хатшысы **Қартпаева Ш.Т.**



Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 14 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар саны: 79 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Менің отбасым»* атты отбасылық сурет көрмесін ұйымдастыру және өткізу.

МАҚСАТЫ: Балалардың бойында отбасылық құндылықтарды, өз отбасына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыру; балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық жұмыстарын қолдау және балабақшамен байланысты нығайту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Менің отбасым»* отбасылық сурет көрмесінің мақсаты мен безендіру талаптары.
2. Сурет салу барысында балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық жұмысын ұйымдастыру.
3. Көрме қорытындысын шығару және белсенді отбасыларды марапаттау.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Тулебаева Асия** сөз алып, қаңтар айының жоспарына сай ұйымдастырылатын *«Менің отбасым»* атты отбасылық сурет көрмесінің ережелерімен таныстырды. Бұл көрменің басты ерекшелігі – суреттерді бала мен ата-ана бірігіп, үйде бірлесе отырып салуы керек екенін жеткізді.

«Құрметті ата-аналар, отбасы – бала үшін ең қасиетті мекен. Бала өз отбасын суретке бейнелеу арқылы ішкі сезімін, жақындарына деген махаббатын көрсетеді. Салынатын суреттерге ешқандай шектеу қойылмайды: қарындашпен, бояумен немесе фломастермен салуға болады. Басты талап – сурет А4 немесе А3 форматында, эстетикалық талғамға сай және шеті жинақы безендірілген болуы тиіс», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Иванык Татьяна** сөз алды: «Суреттің астына отбасы мүшелері туралы шағын өлең немесе мақал-мәтел жазып қоюға бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Түлебаева Асия** жауап берді: «Әрине, бұл өте тамаша ұсыныс. Суреттің бұрышына немесе астына отбасының аты-жөнін, сонымен қатар отбасы туралы жылы лебізді немесе қысқаша ұранды жазып қойсаңыздар, жұмыстың мазмұны байи түседі».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, бұл көрменің балалар үшін маңызы зор екенін, үйде ата-анасымен бірге сурет салған уақыт баланың есінде ұзақ сақталатынын атап өтті.

«Күнделікті жұмыстан қол босамай жатса да, бұл шараға арнайы уақыт бөлгеніміз жөн. Баламен бірге отырып: "Біздің отбасымыз қандай?", "Әкеміз бен анамызды қалай бейнелейміз?" деп ақылдасып салған сурет баланың өзіне деген сенімділігін арттырады. Дайын жұмыстарды топтың қабылдау бөлмесіндегі арнайы стендке ретімен орналастырамыз», – деп ата-аналарды белсенді болуға шақырды.

Талқылау:

- Ата-ана **Каплунова Ксения** сөз алды: «Дайын болған суреттерді қай күнге дейін өткізуіміз керек?»
- Ата-аналар комитетінің төрайымы жауап берді: «Суреттерді келесі аптаның жұма күніне дейін түгел өткізіп болуымыз қажет. Сенбі, жексенбі күндері көрме стендін толық безендіріп дайындаймыз».



III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі көрме соңында барлық қатысқан отбасылардың еңбегі еленетінін айтты. Балабақша деңгейінде құрылған қазылар алқасы жұмыстарды қарап, ерекше шығармашылық танытқан отбасыларды анықтайтынын жеткізді. Көрме ашылған күні балалар өз отбасыларының суреттерін достарына мақтанышпен таныстырып, шағын әңгіме айтып беретінін ескертті.

ШЕШІМІ:

1. «**Менің отбасым**» атты отбасылық сурет көрмесін өткізу жоспары мақұлдансын және топ ата-аналарының 100% қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Әрбір отбасы үйде баламен бірлесіп, белгіленген эстетикалық талаптарға сай (А4 немесе А3 форматында) отбасы суретін дайындап, көрсетілген мерзімде топқа тапсырсын.
3. Көрме қорытындысы бойынша белсенділік танытқан және шығармашылық жұмысы ерекшеленген отбасылар балабақша әкімшілігі мен топ атынан марапатталсын.

Кеңес төрайымы  А.Б.Өмірғалиева
 Хатшысы  Қартпаева Ш.Т.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Өткізілген күні: 12 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар саны: 85 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Шебер қол – шексіз өнер»* атты бірлескен қолөнер көрмесін ұйымдастыру және өткізу.

МАҚСАТЫ: Балалардың шығармашылық қиялын, қол моторикасын және эстетикалық талғамын дамыту; дәстүрлі және заманауи материалдардан бұйымдар жасау арқылы отбасылық қолөнерді жаңғырту; ата-аналардың балабақша өміріне белсенді араласуын қолдау.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Шебер қол – шексіз өнер»* қолөнер көрмесінің мақсаты, бағыттары және қолданылатын материалдар түрлері.
2. Бұйымдарды дайындау барысында балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауы және ата-аналардың қолдауы.
3. Топ ішінде көрме бұрышын безендіру және үздік жұмыстарды бағалау критерийлері.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Оразова Есенгүл** сөз алып, ақпан айының жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын *«Шебер қол – шексіз өнер»* атты қолөнер көрмесінің ережелерімен таныстырды. Бұл көрме баланың ұсақ қол моторикасы мен кеңістікті ойлау қабілетін дамытуда үлкен рөл атқаратынын атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, бұл шарада баланың қиялына ерік бергеніміз жөн. Қолөнер жұмыстарына кез келген қауіпсіз материалдарды: мата, жіп, моншақ, ағаш, қағаз, саз балшық немесе тұзды қамырды пайдалануға болады. Басты мақсат – дайын затты сатып алып әкелу емес, баланың өз қолымен (ата-ананың көмегімен) жасаған кішігірім туындысын көрсету. Бұл баланың еңбекке деген қызығушылығын арттырады», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Жанибекова Айгерім** сөз алды: «Ұлттық нақыштағы бұйымдар, мысалы, киізден немесе тоқыма жіптен жасалған ойыншықтар жасауға бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Оразова Есенгүл** жауап берді: «Әрине, ұлттық нақыштағы бұйымдар көрменің құндылығын арттыра түседі. Түрлі пішіндер, макеттер немесе тұрмыстық сәндік бұйымдар жасасаңыздар өте тамаша болады».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:

Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, үйде бұйымдарды жасау барысында балалардың қауіпсіздігіне баса назар аудару керектігін ескертті. Клей, қайшы, ине сияқты өткір құралдармен жұмыс істегенде баланың жалғыз қалмауын сұрады.

«Баламен бірге жұмыс істеу – үлкен шыдамдылықты талап етеді. Баланың қауіпсіз қайшыларды пайдалануын қадағалап, күрделі кесу немесе желімдеу жұмыстарын ата-аналар өздері жасағаны дұрыс. Бұл процесс баланы ұқыптылық пен табандылыққа баулиды», – деп ата-аналарды шығармашылық жұмысқа атсалысуға шақырды.



Талқылау:

- Ата-ана **Түлебаева Ботагөз** сөз алды: «Жұмыстардың көлеміне шектеу бар ма және көрмеге дайын бұйымдарды қашан өткіземіз?»
- Ата-аналар комитетінің төрайымы **Хамитова Таңшолпан** жауап берді: «Көлеміне шектеу жоқ, бірақ үстел үстіне қоюға ыңғайлы, жинақы болғаны дұрыс. Жұмыстарды келесі аптаның сәрсенбі күніне дейін топқа әкеліп тапсыру қажет».

ІІІ. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Оразова Есенгүл** жиналған қолөнер бұйымдарынан топтың қабылдау бөлмесінде арнайы *«Шеберлер ауылы»* атты үлкен көрме ұйымдастырылатынын айтты. Балабақша әдіскерлері мен тәрбиешілерден құралған шығармашылық топ жұмыстардың эстетикалық безендірілуін, баланың қатысу деңгейін және идеяның ерекшелігін бағалайтынын жеткізді. Көрме соңында барлық қатысушыларға арнайы номинациялар берілетіні ескертілді.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

1. «*Шебер қол – шексіз өнер*» атты бірлескен қолөнер көрмесінің ұйымдастыру жоспары бекітілсін және топ ата-аналарының белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Үйде бұйымдарды дайындау кезінде балалардың қайшы, желім сияқты құралдармен жұмыс істеу қауіпсіздігіне ата-аналар тікелей жауапты болып бекітілсін.
3. Көрмеге арналған қолөнер жұмыстары белгіленген мерзімде (келесі аптаның сәрсенбісіне дейін) эстетикалық талаптарға сай, астына отбасының аты-жөні жазылған этикеткасымен бірге тапсырылсын.

Кеңес төрайымы  А.Б.Өмірғалиева
Хатшысы  Қартпаева Ш.Т.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Өткізілген күні: 3 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар саны: ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Жүректен шыққан алғыс»* атты іс-шара мен челленджді ұйымдастыру.

МАҚСАТЫ: Балалардың бойында адамгершілік, достық, сыйластық құндылықтарын дамыту; еліміздегі мәдениет пен дәстүрді құрметтей отырып, үлкендерге, ата-анаға, достарына және қоршаған ортаға алғыс айту, ризашылық білдіру дағдыларын қалыптастыру; отбасылық тәрбие мен балабақша байланысын нығайту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Жүректен шыққан алғыс»* атты тәрбиелік шараның маңызы мен бағдарламасы.
2. Ата-аналар мен балалар арасында *«Ризашылық — мейірімділік белгісі»* атты бірлескен бейне-челлендж ұйымдастыру.
3. Топ ішінде *«Алғыс ағашы»* көрме бұрышын безендіруге ата-аналардың атсалысуы.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Карлова Алтын** сөз алып, наурыз айының 1-ші жұлдызында Алғыс айту күнінің тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті. Бұл күн – еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің, бір-біріне деген құрметтің көрінісі екенін, балаларға кішкентай кезінен «рақмет» айтуды, өзгелердің еңбегін бағалай білуді үйрету қажеттігін жеткізді.

«Құрметті ата-аналар, *«Жүректен шыққан алғыс»* шарасының негізгі мақсаты – баланың жүрегіне мейірімділік ұялату. Бала алдымен өзін мәпелеп өсірген ата-анасына, сосын күнделікті білім беріп жатқан балабақшасына, бірге ойнайтын достарына алғыс айтуды үйренуі тиіс. Бұл олардың тұлғалық және адамгершілік сапасын арттырады», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Нұрболатқызы Салтанат** сөз алды: «Балалардың бойында ризашылық сезімін ояту үшін үйде ата-ана ретінде қандай тәрбиелік әдістерді қолданған жөн?»
- Топ тәрбиешісі Карлова Алтын жауап берді: «Ең басты әдіс – жеке үлгі-өнеге. Үйде отбасы мүшелері бір-біріне жиі алғыс айтып, жасалған жақсылықты бағаласа, бала да оны көріп өседі. Баланың кішігірім көмегі үшін де оған рақмет айтып, ынталандырып отыру маңызды».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, осы мерекеге орай топтық чатта *«Ризашылық — мейірімділік белгісі»* атты қысқаша бейне-челлендж өткізуді ұсынды.

«Әрбір отбасы үйде баласымен бірге кішігірім бейнежазба түсірсе. Видеода бала өзінің ең жақын адамдарына (әке-анасына, әжесіне немесе тәрбиешілеріне) жүректен шыққан жылы сөздерін айтып, алғыс білдіруі керек. Бұл баланың тілін дамытып қана қоймай, отбасындағы жылылықты арттырады», – деп өз ұсынысын білдірді. Ата-аналар бұл бастаманы бірауыздан қолдады.

Талқылау:

- Ата-ана **Бағланқызы Гүлбақыт** сөз алды: «Бейнежазбаларды қай күнге дейін жолдауымыз керек?»
- Ата-аналар комитетінің төрайымы жауап берді: «Бейнежазбаларды осы аптаның жұма күніне дейін топтық чатқа жіберулеріңізді сұраймын».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Карлова Алтын** топ бөлмесінде «Алғыс ағашы» атты арнайы стенд ұйымдастырылатынын айтты. Ата-аналардан түрлі-түсті қағаздан қиылған жүрекше немесе жапырақ пішіндеріне өздерінің балабақша ұжымына немесе балаларына деген тілектері мен алғыстарын жазып әкелуді өтінді. Бұл жазбалар серуен уақытында балалармен бірге **«Алғыс ағашына»** ілінетіні түсіндірілді.

ШЕШІМІ:

1. Алғыс айту күніне арналған **«Жүректен шыққан алғыс»** атты іс-шаралар жоспары мақұлдансын және жоғары деңгейде өткізілсін.
2. **«Ризашылық — мейірімділік белгісі»** атты бейне-челлендж қолдау тапсын және ата-аналар белгіленген мерзімге (жұмаға) дейін балалардың бейнежазбаларын дайындап өткізсін.
3. **«Алғыс ағашы»** көрме бұрышын безендіруге топ ата-аналары 100% атсалыссын және өз тілек-алғыстары жазылған хаттарды уақытылы тапсырсын.

Кеңес төрайымы:  А.Б.Өмірғалиева
Хатшысы: Қартпаева Ш.Т.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Өткізілген күні: 16 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар саны: 27 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Шын жүректен кітап сыйла»* атты кітап апталығы мен акциясын ұйымдастыру.

МАҚСАТЫ: Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті сүйеге баулу; сөздік қорын, қиялы мен логикалық ойлауын дамыту; ата-аналармен бірлесе отырып топтың кітап бұрышын заманауи, қызықты әрі танымдық кітаптармен байыту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Шын жүректен кітап сыйла»* экологиялық-ағартушылық акциясының мақсаты мен маңызы.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың кітап оқу мәдениетін қалыптастырудағы отбасының рөлі.
3. Топтың кітап бұрышын жаңарту және безендіру жұмыстарын жоспарлау.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Уразбаева Наргиза** сөз алып, сәуір айының жоспарына сәйкес өткізілетін кітап апталығы туралы баяндады. Қазіргі цифрлық заманда баланың гаджеттерге (телефон, планшет) көп уақыт жұмсайтынын, соның салдарынан тіл байлығы мен ойлау қабілетінің тежелуі мүмкін екенін, бұл мәселені тек кітап арқылы шешуге болатынын атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, «Шын жүректен кітап сыйла» акциясының мақсаты – балабақшадағы кітап қорын көбейту ғана емес, баланың кітапқа деген махаббатын ояту. Кітап оқитын баланың қиялы жүйрік, тілі бай, ойы ұшқыр болады. Осы апталық аясында әр отбасы топ кітапханасына балалардың жас ерекшелігіне сай келетін (ертегілер, танымдық энциклопедиялар, суретті кітаптар) бір кітаптан сыйға тартса екен деп шақырамыз», – деді тәрбиеші



Талқылау:

- Ата-ана **Тілеумұрат Балсұлу** сөз алды: «Сыйлайтын кітаптар міндетті түрде жаңа болуы керек пе, әлде үйде оқылып қойған, бірақ өте жақсы сақталған таза кітаптарды әкелуге бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Уразбаева Наргиза** жауап берді: «Міндетті түрде жаңа болуы шарт емес. Ең бастысы – кітаптың парақтары бүтін, таза, суреттері қанық және мазмұны балалардың жасына (мысалы, 4-5 жасқа) сәйкес, тәрбиелік мәні бар болуы керек. Үйде оқылған жақсы кітаптарды да қуана қабылдаймыз».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Уразбаева Наргиза** үйде балаға кітап оқу мәдениетін қалыптастыру бойынша ата-аналарға әдістемелік кеңестер берді. Күнделікті ұйықтар алдында баланы мазалаған сұрақтарға кітап арқылы жауап іздеу, ертегі оқып беру дәстүрін қалыптастыру қажеттігін айтты.

«Бала кітапты жақсы көруі үшін, ол ең алдымен әкесі мен анасының кітап ұстап отырғанын көруі тиіс. Кітапты жай ғана оқып бермей, кейіпкерлердің іс-әрекетін баламен бірге талқылап: "Бұл кейіпкер неге бұлай істеді?", "Сен оның орнында болсаң не істер едің?" деген сияқты сұрақтар қою арқылы баланың сыни ойлауын дамытамыз», – деп түсіндірді.

Талқылау:

- Ата-ана **Тілеумұрат Балсұлу** сөз алды: «Бала суретті кітаптарды ғана парақтап, мәтініне көп құлақ аспайды. Бұндай жағдайда не істеуге болады?»
- Топ тәрбиешісі **Уразбаева Наргиза** жауап берді: «Бұл жастағы балалар ақпаратты көзбен (визуалды) жақсы қабылдайды, сондықтан суретке қарап

отырып, ертегіні қысқартып немесе рөлдерге бөліп, қызықты дауыс ырғағымен оқып берсеңіз, баланың назары бірден аударылады».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, жиналған кітаптарды топтың кітап бұрышына қалай орналастыру және безендіру мәселесін ортаға салды. Ол ата-аналарды кітаптардың сыртына баланың немесе отбасының атынан «...отбасынан естелік» деген сияқты арнайы белгілер (стикерлер) жапсырып әкелуді ұсынды. Бұл балада өз кітабына және өзгенің затына деген ұқыптылықты тәрбиелейтінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. «*Шын жүректен кітап сыйла*» атты кітап апталығы мен акциясы мақұлданып және топ ата-аналары бұл шараға белсенді атсалыссын.
2. Әрбір отбасы балалардың жас ерекшелігіне сай келетін, эстетикалық әрі мазмұндық талаптарға сай бір кітапты келесі аптаның жұма күніне дейін топ кітапханасына сыйға тартсын.
3. Балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ата-аналарға үйде күнделікті «*Ұйықтар алдында 15 минут кітап оқу*» отбасылық дәстүрін енгізу ұсынылсын.

Кеңес төрайымы  А.Б.Өмірғалиева
Хатшысы  Қартпаева Ш.Т.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Өткізілген күні: 28 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар саны: 15 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: «*Әжем айтқан ертегілер*» атты бейнематериал дайындау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

МАҚСАТЫ: Қазақ халқының ауыз әдебиетін (ертегілерді) дәріптеу, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл мұра арқылы балалардың тіл байлығын дамыту және бойына адамгершілік, мейірімділік, еңбекқорлық сынды ұлттық құндылықтарды сіңіру; отбасындағы әжелер мектебінің рөлін арттыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «*Әжем айтқан ертегілер*» жобасының мақсаты мен бейнематериалдарды дайындау талаптары.
2. Ұлттық ертегілер арқылы баланың тіл байлығын, адамгершілік және еңбекқорлық қасиеттерін дамыту.
3. Отбасындағы әжелердің тәрбиелік рөлін арттыру және бейнероликтерді жинақтау.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі Бисембаева Гүлім сөз алып, сәуір айының қосымша жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын «*Әжем айтқан ертегілер*» жобасымен таныстырды. Қазіргі кезде балалардың ұлттық фольклордан, яғни халық ертегілерінен алшақтап бара жатқанын, бұл олқылықтың орнын толтыруда отбасындағы қариялардың, әсіресе әжелердің орны ерекше екенін атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, бұл шараның мақсаты – балабақша мен отбасылық тәрбиені сабақтастыру. Әр отбасы үйдегі әжелердің балаға ертегі айтып отырған сәтін немесе баланың әжесінен естіген ертегісін мазмұндап жатқан сәтін қысқаша бейнематериал (видео) ретінде таспаға түсіруі қажет. Бұл бейнематериалдар балабақшаның сабақ үстіндегі көрнекілік қорын байытуға септігін тигізеді», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Жангелдіқызы Дильназ** сөз алды: «Егер үйде әжеміз болмаса немесе басқа қалада тұрса, анасының немесе әкесінің ертегі айтқан сәтін түсіруге бола ма?»
- Топ тәрбиешісі **Бисембаева Гүлім** жауап берді: «Әрине болады. Басты мақсат – қазақ халқының ауыз әдебиетін балаға жеткізу. Егер әжесі алыста болса, телефон арқылы балаға ертегі айтқан сәтін немесе анасының ұлттық нақышта балаға ертегі оқып берген сәтін бейнебаян етіп дайындауға толық мүмкіндік бар».

II. ТЫНДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Бисенбаева Гүлім** халық ертегілерінің бала психологиясына тигізетін оң әсері туралы баяндады. Ертегілер баланың қиялын ұшқырлап қана қоймай, дұрыс сөйлеу, ойын жүйелі жеткізу дағдыларын қалыптастыратынын тілге тиек етті.

«Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы бала жақсы мен жаманды, адалдық пен қулықты ажырата біледі. Мысалы, "Ер Төстік", "Алпамыс" сияқты батырлар жыры мен ертегілер баланы батылдыққа, ал жануарлар туралы ертегілер мейірімділік пен еңбекқорлыққа баулиды. Ертегі тыңдаған баланың сөздік қоры бай болады», – деп түсіндірді.



Талқылау:

- Ата-ана **Бургебаева Гүлназ** сөз алды: «Бейнематериалдың ұзақтығы қанша минут болуы керек және оны монтаждау қажет пе?»
- Топ тәрбиешісі **Бисенбаева Гүлім** жауап берді: «Бейнероликтің ұзақтығы 2-3 минуттан аспағаны жөн. Арнайы күрделі монтаждың қажеті жоқ, бастысы – дыбысы анық, бала мен ертегі айтушының өзара жылы қарым-қатынасы көрініп тұрса жеткілікті».

ІІІ. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, дайындалған бейнематериалдарды жинақтау және оны топ ішінде насихаттау мәселесін көтерді. Жиналған видеолардан үлкен бір бейнежинақ жасап, оны балабақшаның әдістемелік бөлмесіне және ата-аналардың ортақ қорына сақтауды ұсынды. Бұл бастаманы ата-аналар бірауыздан мақұлдады.

ШЕШІМІ:

1. «**Әжем айтқан ертегілер**» атты бейнематериал дайындау іс-шарасының жоспары мақұлданын және ата-аналар тарапынан толық қолдау тапсын.
2. Қазақ халқының ауыз әдебиетін дәріптеу мақсатында әрбір отбасы баланың жас ерекшелігіне сай ұлттық ертегі негізінде 2-3 минуттық бейнеролик дайындап, мамыр айының 5-іне дейін топ тәрбиешісіне өткізсін.
3. Ертегілер арқылы баланың бойына адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында ата-аналарға үйде аптасына кемінде 2 рет ұлттық ертегілерді айту немесе оқып беру ұсынылсын.

Кеңес төрайымы:

А.Б.Өмірғалиева

Хатшысы:

Жартпаева Ш.Т.



Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Өткізілген күні: 5 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар саны: 33 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: «Гүл өсірейік — экобұрыш» акциясын ұйымдастыру және өткізу.

МАҚСАТЫ: Балалардың бойында экологиялық мәдениетті, табиғатты аялау және қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау құндылықтарын қалыптастыру; бөлме өсімдіктерін күту арқылы еңбекқорлық дағдыларын дамыту; ата-аналармен бірлесе отырып топтың экобұрышын жасылдандыру және байыту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «Гүл өсірейік — экобұрыш» экологиялық акциясының мақсаты және топ бөлмесін жасылдандыру жоспары.
2. Бөлме өсімдіктерінің балалардың денсаулығы мен танымдық дамуына тигізетін пайдасы.
3. Экобұрышқа қажетті гүлдер мен құрал-жабдықтарды іріктеу, ата-аналардың көмегін ұйымдастыру.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешісі **Ойнарбекова Ақниет** сөз алып, мамыр айының жоспарына сәйкес өткізілетін «Гүл өсірейік — экобұрыш» акциясы туралы баяндады. Көктем мезгілінде табиғаттың оянуымен бірге топ ішіндегі жасыл желекті көбейту, балалардың күнделікті көз алдында өсімдіктердің өсу кезеңдерін бақылауына жағдай жасау маңызды екенін атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, экобұрыш — бұл балалардың табиғат құбылыстарын тікелей зерттейтін кішігірім зертханасы. Бала гүлге су құйып, оның жапырағын сүрту арқылы тірі табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді. Осы акция аясында топтағы экологиялық бұрышымызды жаңа бөлме гүлдерімен толықтырып, оны заманауи үлгіде безендіруді көздеп отырмыз», – деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Кенжебаева Арайлым** сөз алды: «Топ бөлмесіне әкелетін гүлдердің түрлеріне қандай да бір шектеулер немесе арнайы талаптар бар ма?»
- Топ тәрбиешісі **Ойнарбекова Ақниет** жауап берді: «Иә, балабақша талаптары бойынша балалардың денсаулығына қауіпсіз, тікені жоқ, күшті иісі жоқ және аллергия тудырмайтын гүлдер таңдалуы тиіс. Мысалы, фикус, хлорофитум, герань, бегония немесе фиалка сияқты ауаны тазартатын және күтімі жеңіл өсімдіктер өте қолайлы».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Ойнарбекова Ақниет** бөлме өсімдіктерінің балалардың денсаулығы мен эмоционалдық жағдайына әсері туралы түсіндірді. Гүлдер топ бөлмесіндегі ауаны оттегімен байытып, шаң-тозаңды азайтуға көмектесетінін және жасыл түстің бала психологиясын тыныштандыратынын айтты.

«Балалар экобұрышта тек еңбек етіп қана қоймайды, олар гүлдердің түсін, пішінін, жапырақтарының құрылымын зерттеу арқылы танымдық қабілеттерін арттырады. Бұл процесс баланың бақылағыштық қасиетін оятады. Сондықтан үйде де балаға жеке кішкентай гүл сыйлап, оны өзіне күттіріп қойсаңыздар, баланың жауапкершілігі арта түсер еді», – деп кеңес берді.

Талқылау:

- Ата-ана **Мырзабаева Минура** сөз алды: «Балалар гүлдерді күту ережелерін толық біле ме, әлде бұл бойынша арнайы сабақтар өткізіле ме?»

- Топ тәрбиешісі **Ойнарбекова Ақниет** жауап берді: «Біз ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен серуен уақытында гүлдерге күтім жасау бойынша (су құю, топырағын қопсыту, шаңын сүрту) арнайы тәжірибелік жұмыстар өткіземіз. Балалар бұл жұмысты үлкен қызығушылықпен орындайды».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы **Хамитова Таңшолпан** сөз алып, экобұрышты безендіруге қажетті құрал-жабдықтар (кішкентай құмыралар, гүл суарғыштар, топырақ қопсытқыш құралдар) мен безендіру элементтерін дайындау мәселесін көтерді. Ол ата-аналарды топқа балалар қызығатындай ашық түсті, әдемі гүл құмыраларын және өсімдіктердің атаулары жазылған арнайы белгішелерді дайындауға атсалысуға шақырды. Ата-аналар бұл жұмысты бірлесіп атқаруға келісті.

ШЕШІМІ:

1. «**Гүл өсірейік — экобұрыш**» атты экологиялық акцияны өткізу жоспары бірауыздан мақұлданып және топ ата-аналарының 100% қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Топтың экобұрышын байыту мақсатында әрбір отбасы балабақшаның санитарлық-гигиеналық талаптарына сай келетін (аллергия тудырмайтын) бір бөлме гүлін келесі аптаның жұма күніне дейін топқа әкеліп тапсырсын.
3. Экобұрыштың көрнекілігі мен эстетикалық безендірілуін жақсарту үшін қажетті құрал-жабдықтар мен гүл тақтайшаларын дайындау ата-аналар комитеті мен тәрбиешілерге жүктелсін.

Кеңес төрайымы  **А.Б.Өмірғалиева**
Хатшысы **Қартпаева Ш.Т.**

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас жиналысының

Өткізілген күні: 14 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар саны: 15 ата-ана

ТАҚЫРЫБЫ: *«Жасыл әлем – біздің үйіміз»* ата-аналармен бірлескен акция ұйымдастыру және өткізу.

МАҚСАТЫ: Отбасы мүшелерін экологияны сақтау мен табиғатты қорғауға белсенді қатыстыру арқылы экологиялық сананы қалыптастыру және жасыл әлемді сақтау жөніндегі жауапкершілікті арттыру; балабақша ауласын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына ата-аналарды тарту.

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. *«Жасыл әлем – біздің үйіміз»* экологиялық акциясының мақсат-міндеттері және өткізілу кезеңдері.
2. Балалардың бойында экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастыру жолдары.
3. Балабақша ауласына гүлдер мен көшеттер отырғызу, құрал-жабдықтарды дайындау және міндеттерді бөлу.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** сөз алып, мамыр айының жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын «Жасыл әлем – біздің үйіміз» атты ауқымды экологиялық акциямен таныстырды. Бұл шараның тек балабақша ішінде ғана емес, сыртқы қоршаған ортаны, яғни балалар күнделікті ойнайтын ауланы жақсартуға бағытталғанын атап өтті.

«Құрметті ата-аналар, жер бетіндегі жасыл желекті сақтау және оны көбейту — баршамыздың ортақ міндетіміз. Бұл акция отбасы мүшелерін экологиялық қозғалысқа белсенді қатыстыру арқылы балалардың көзінше табиғатқа жанашырлық танытудың шынайы үлгісін көрсетуге бағытталған. Біз балабақшамыздың ауласын, өз тобымыздың ойнау алаңқайын жасыл желекке бөлеп, гүлзарлар жасауды жоспарлап отырмыз», — деді тәрбиеші.



Талқылау:

- Ата-ана **Ольга Лебедева** сөз алды: «Акция аясында аулаға отырғызу үшін қандай гүл тұқымдарын немесе көшеттерді әкелгеніміз дұрыс болады?»
- Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** жауап берді: «Ауланың топырағы мен климатына бейімделген, жаз бойы гүлдеп тұратын көпжылдық немесе біржылдық гүл көшеттері (мысалы, петуния, бархатцы, сальвия) өте қолайлы. Егер мүмкіндік болса, кішігірім сәндік бұталар немесе тал көшеттерін де отырғызуға болады».

II. ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша:Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** отбасында баланың экологиялық санасын оятудың маңызы туралы баяндады. Баланы табиғатты аялауға тәрбиелеу — суды үнемдеуден, қоқысты сұрыптаудан және өсімдіктерді зақымдамаудан басталатынын түсіндірді.

«Егер бала ата-анасының тал егіп, гүл суарғанын, қоршаған ортаны таза ұстағанын көрсе, онда экологиялық мәдениет өздігінен қалыптасады. "Жасыл әлем — біздің ортақ үйіміз", сондықтан үйде де баламен бірге табиғат туралы бағдарламалар көріп, серуен кезінде ағаштар мен гүлдерге зиян келтірмеуді түсіндіріп отыру қажет», – деп кеңес берді.



Талқылау:

- Ата-ана **Сарсенбаева Наталья** сөз алды: «Акция тек гүл егумен шектеле ме, әлде аула құралдарын бояу немесе тазалық жұмыстары да кіре ме?»
- Топ тәрбиешісі **Атабаева Амангүл** жауап берді: «Бұл кешенді шара. Көшет егумен қатар, топ алаңқайындағы құмсалғышты тазалау, шағын қоршауларды ашық түстерге бояу және балалардың қауіпсіздігі үшін ауланы толықтай ретке келтіру жұмыстары да бірге атқарылады».

III. ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша: Ата-аналар комитетінің төрайымы сөз алып, сенбілік және көшет егу шарасына қажетті құрал-жабдықтарды (күректер, тырмалар, бояулар, суарғыштар) дайындау мәселесін талқылады. Ата-аналарды бірнеше топқа бөліп, жұмыс бағыттарын бекітуді ұсынды: бір топ топырақты қопсытып, көшет егуге жауапты болса, екінші топ сыртқы декор элементтері мен бояу жұмыстарымен айналысады. Ата-аналар бұл ұсынысты бірауыздан мақұлдап, міндеттерді өзара бөліп алды.

ШЕШІМІ:

1. «**Жасыл әлем – біздің үйіміз**» атты ата-аналармен бірлескен экологиялық акцияның жоспары бірауыздан бекітілсін және жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
2. Отбасы мүшелерінің экологиялық жауапкершілігін арттыру мақсатында әрбір отбасы акцияға белсенді қатысып, балабақша ауласын жасылдандыруға арналған гүл көшеттері мен қажетті құралдардың дайындалуын қамтамасыз етсін.
3. Топ алаңқайын абаттандыру, бояу және көшет отырғызу бойынша ата-аналар комитеті бекіткен жұмыс топтарының іс-әрекеті мақұлдансын және шара белгіленген ресми күні толық аяқталсын.

Кеңес төрайымы:  А.Б.Өмірғалиева
 Хатшысы:  Қартпаева Ш.Т.